

## Бөрлі ауданында ауыл шаруашылық жануарларды ұстау және жаю ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 2011 жылғы 15 қарашадағы № 31-3 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 20 желтоқсанда № 7-3-118 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 18 шілдедегі № 5-9 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихаттың 2012.07.18 № 5-9 Шешімімен**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" және 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңдарына сәйкес, Бөрлі аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Бөрлі ауданында ауылшаруашылық жануарларды ұстау және жаю Ережесі бекітілсін.
2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*М. Куянов*

*Аудандық мәслихат хатшысы*  
2011 жылғы 15  
Бөрлі аудандық  
бекітілген

*И. Измагамбетов*

қарашадағы  
мәслихат

№ 31-3  
шешімімен

## **Бөрлі ауданында ауыл шаруашылық жануарларды ұстау және жаю Ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Бөрлі ауданында ауыл шаруашылық жануарларды ұстау және жаю Ережесі (әрі қарай - Ереже) Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық Кодексіне, 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" және 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңдарына сәйкес ә з і р л е н г е н .

2. Осы Ереже Бөрлі ауданындағы ауыл шаруашылық жануарларды ұстау және жаю тәртібін ұйымдастыру және іске асыруын белгілейді.

3. Осы Ережеде келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ауыл шаруашылық жануарлары - адам өсіретін, ауыл шаруашылық өндірісіне тікелей қатысы бар ауыл шаруашылық жануарлары мен үй құстары;

2) ауыл шаруашылық жануарлардың иелері - жеке меншік немесе басқа да қарауында ауыл шаруашылық жануарлары бар жеке немесе заңды тұлға;

3) ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган - "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігінің агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекциясы Комитетінің Бөрлі аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі.

## **2. Ауыл шаруашылық жануарларын ұстау және жаю**

4. Ауыл шаруашылық жануарлары арнайы жабдықталған жабық орындарда ұ с т а у ы т и і с .

5. Ауыл шаруашылық жануарларын ұстаудың міндетті шарттары:

1) қолданылып жүрген заңнамалармен белгіленген уақытта ветеринарлық-санитарлық шараларын міндетті түрде жүргізу;

2) карантин мен шектеу шаралары белгіленген жағдайда оның шарттары мен т а л а п т а р ы н с а қ т а у ;

3) ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді сақтау;

4) екі ай мерзім ішінде, жаңа туылған және сатып алынған ауыл шаруашылық жануарларды ветеринария саласындағы жергілікті мемлекеттік басқару органдарында қаратуы және тіркетуі тиіс;

5) ауыл шаруашылық жануарлары ауырған жағдайда, оларға уақытында ветеринариялық көмек көрсету;

6) ветеринария саласындағы өкілетті органның талап етуі бойынша уақытында ауыл шаруашылық жануарларына диагноз қоюға, зерттеуге, емдеуге, қарауға, аурудың алдын алу үшін ветеринариялық мамандарға уақытында апару

ж ә н е ж а ғ д а й ж а с а у ;

7) барлық жануарларға паспорт алуды және бірдейлендіруді қамтамасыз ету;

8) ауыл шаруашылық жануарларын қараусыз қалдырмау және бос бетімен ж і б е р м е у ;

9) ауыл шаруашылық жануарларын сатып алғанда, жоғалтқанда немесе өлгенде ол туралы уақытында ветеринария саласындағы өкілетті органға у а қ ы т ы н д а х а б а р л а у ;

10) ауыл шаруашылық жануарлары адамға немесе басқа жануарға зақым келтірген жағдайда, таяу маңдағы медициналық мекемелерге, ветеринариялық м а м а н д а р ғ а х а б а р л а у ;

11) ветеринариялық маманға жануарлардың мүрдесін шығару және жою қажеттігі туралы уақытында хабарлау;

12) санитарлық-гигиеналық, ветеринарлық-санитарлық ережелер мен н о р м а л а р д ы с а қ т а у ;

6. Ауыл шаруашылық жануарларын сату, әкелу, әкету ветеринария саласындағы өкілетті мемлекеттік орган беретін, белгіленген үлгідегі ветеринарлық сертификат болған жағдайда жол беріледі.

7. Ауыл шаруашылық жануарларын су, әуе, темір жол көліктерінде тасымалдау, осы көліктерде тасымалдау Ережелеріне сәйкес, жүзеге асырылады.

8. Ауылдық (селолық) округ әкімдері:

1) елді мекен жерлерінде мал жаятын орындарды айқындайды;

2) елді мекендерде ауыл шаруашылық жануарларын бағуын ұйымдастыру б о й ы н ш а ж ұ м ы с т а р жү р г і з у ;

3) қараусыз жүрген ауыл шаруашылық жануарларының уақытша тұрағын ж е р і н б е л г і л е й д і .

9. Ауыл шаруашылық жануарларын жаю:

1) саябақтарда, саяжайларда және басқа да ортақ қолданылатын жерлерде р ұ қ с а т е т і л м е й д і ;

2) темір жол қарауына алынған жерде жаюға рұқсат етілмейді;

3) ветеринарлық-санитарлық нормаларды сақтауымен жүзеге асырылады;

4) жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерінің талаптарын сақтау кезінде жүзеге асырылады.

10. Ауыл шаруашылық жануарларды айдау арнайы белгіленген орындарда, ветеринарлық-санитарлық нормаларды сақтаумен, жүзеге асырылады.

### **3. Осы Ережені бұзғаны үшін ауыл шаруашылық жануарлары иелерінің жауапкершілігі**

11. Осы Ережелерді бұзғаны үшін кінәлі заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК